

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «8D054 – Математика және статистика (6D060100 / 8D05401 - Математика)» бағыты бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін құрылған
Диссертациялық кеңес

1. Өткізілген отырыстар саны жайлы мәліметтер

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «8D054 – Математика және статистика (6D060100 / 8D05401 – Математика)» бағыты бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін құрылған Диссертациялық кеңесінің 2025 жылы (09.09.2025-10.09.2025) арасында 4 отырысы өткізілді.

2. Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері (болған жағдайда)

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі.

1. Боранбек Күлжамила, С Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті;
2. Сарсенбаева Айнур Ермаханбетовна, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті университеті;
3. Жаксылыкова Жадра Рахметовна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
4. Мақұлбай Әсел Бекзатқызы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

4.1. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

Боранбек Күлжамиланың диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – « Кеуекті ортада сұйықтық қозғалысының бөлшек ретті стохастикалық теңдеулерін шешудің ақырлы элементтер әдістері».

Мамандық: 8D05401– Математика.

Ғылыми кеңесшілері:

Бердышев Абдумаулен Сулейманович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Франсиско Хавьер Фернандес Фернандес – PhD, доцент , Сантьяго-де-Компостела университеті (Сантьяго-де-Компостела қ., Испания).

Қорғау 2025 жылдың 9 қыркүйегінде өтті (сағ. 10:00).

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

1. Стохастикалық Стокс-Дарси моделінің бөлшек ретті туындылы жалпылауы алынды;
2. Бөлшек ретті туындылы стохастикалық Стокс-Дарси моделі жинақтылыққа және орнықтылыққа зерттелді;
3. Бөлшек ретті туындылы стохастикалық Стокс-Дарси моделі үшін стохастикалық ақырлы элементтер әдістері құрылды;
4. Бөлшек ретті туындылы стохастикалық Стокс-Дарси моделі үшін стохастикалық сирек торлы коллокация әдісі құрылды.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту туралы (2018 жыл 15 ақпан, бұйрық №636). Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2018 жыл 31 қазан, бұйрық №604), Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2018 жыл 31 қазан, №604), «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың

Қазақстан халқына Жолдауы (2018 жыл 10 қаңтар), «Халықтың бірлігі мен жүйелі реформалар-еліміздің өркендеуінің берік негізі» атты Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауы (2021 жыл 1 қыркүйек).

3) *диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Бөлшек ретті стохастикалық Стокс-Дарси моделі кеуекті ортадағы ағындарды белгісіздік жағдайында дәлірек сипаттауға мүмкіндік береді. Модель жерасты суларының қозғалысын болжау, мұнай-газ кен орындарындағы фильтрациялық процестерді талдау және экологиялық тәуекелдерді бағалауда қолдануға тиімді. Бөлшек ретті туынды жад эффектілерін ескеріп, күрделі ортадағы динамиканы нақтырақ сипаттайды. Стохастикалық тәсіл параметрлердің толық болмауы жағдайында есептердің сенімділігін арттырады. Алынған нәтижелер инженерлік және гидрогеологиялық есептерді модельдеу жүйелерінде пайдалануға болады.

5.1. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).

Рецензенттер ретінде математика ғылымының салаларына елеулі үлес қосқан ғалымдар тағайындалды. Рецензенттер докторлық диссертацияны біліктікпен талдады.

Боранбек Күлжамиланың диссертациясы бойынша:

Тлеубергенов Марат Идрисович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Математика және математикалық модельдеу институты (Алматы қ., Қазақстан);

Шакенов Канат Кожаметович – физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

4.2. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

Сарсенбаева Айнұр Ермаханбетовнаның диссертациясы бойынша:

1) *қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;*

Диссертация тақырыбы – «Гельмгольц теңдеуі үшін жалғастыру есебін сандық шешу әдістері».

Білім беру бағдарламасы: «8D05401– Математика»

Ғылыми кеңесшілері:

Урмашев Байдаулет Амантаевич – физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Касенов Сырым Еркинович – PhD, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Драган Урошевич – PhD, профессор, SANU математика институты (Сербия, Белград).

Қорғау 2025 жылдың 9 қыркүйегінде өтті (сағ. 14:00).

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

1. Гельмгольц теңдеуі үшін бастапқы-шектік есептің шартты орнықтылығының бағалауы алынды;

2. Гельмгольц теңдеуі үшін тура есептің жалпыланған шешіміне бағалау алынды;

3. Гельмгольц теңдеуі үшін бастапқы-шектік есепті шешудің сандық әдістері әзірленді;

4. Гельмгольц теңдеуі үшін бастапқы-шектік есептің орнықтылығы сандық түрде зерттелді;

5. Гельмгольц теңдеуі үшін тура есептерді шешудің сандық әдістері әзірленді;

6. Тура және кері есептерді шешу әдістерін салыстыру және талдау үшін есептеу эксперименттері жүргізілді.

2) *ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту туралы (2018 жыл 15 ақпан, бұйрық №636). Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2018 жыл 31 қазан, бұйрық №604), Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2018 жыл 31 қазан, №604), «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (2018 жыл 10 қаңтар), «Халықтың бірлігі мен жүйелі реформалар-еліміздің өркендеуінің берік негізі» атты Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауы (2021 жыл 1 қыркүйек).

3) *диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Ұсынылған сандық әдістер Гельмгольц теңдеуі үшін жалғастыру есебін тұрақты және дәл шешуге мүмкіндік береді, бұл шуылға сезімтал инверсиялық есептерде маңызды. Модельдеу нәтижелері геофизикалық барлау, ультрадыбыстық диагностика және толқындық процестерді талдау сияқты қолданбалы салаларда тиімді пайдаланылуы мүмкін екенін көрсетеді. Әдістің тұрақтандыру механизмдері нақты өлшеу қателіктері жағдайында сенімді нәтиже алуға мүмкіндік береді. Сондықтан диссертация нәтижелерін толқындық деректерді қалпына келтіру және бейнелеу жүйелерінде енгізу әлеуеті жоғары.

5.2. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).

Рецензенттер ретінде математика ғылымының салаларына елеулі үлес қосқан ғалымдар тағайындалды. Рецензенттер докторлық диссертацияны біліктікпен талдады.

Сарсенбаева Айнур Ермаханбетовнаның диссертациясы бойынша:

Темирбекова Лаура Нурлановна – PhD, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде (Алматы қ., Қазақстан);

Космакова Минзиля Тимербаевна – PhD, қауымдастырылған профессор, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қарағанды қ., Қазақстан).

4.3. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

Жаксылыкова Жадра Рахметовнаның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Орталардың шекараларында сызықтық емес теңдеулерді бірқалыпты дәлдікпен шешудің тиімді итеративті әдістері туралы».

Мамандық: 6D060100- Математика

Ғылыми кеңесшілері:

Темирбеков Нурлан Муханович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Ольшанский Максим Александрович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Хьюстон университеті (Хьюстон қ., АҚШ).

Қорғау 2025 жылдың 10 қыркүйегінде өтті (сағ. 10:00).

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

1. Навье–Стокс теңдеулерінің сызықтық емес түрлерін шешуге арналған стандартты емес шекаралық шарттары бар жалған облыстар әдісі әзірленіп, теориялық тұрғыдан негізделді. Қысым мен жылдамдықтың жанама құрамдасына шекаралық шарттар берілген көмекші есеп құрастырылды. Көмекші есептің жалпыланған шешімінің бар болуы дәлелденіп, энергетикалық теңсіздіктер әдісі арқылы бастапқы есептің шешіміне жинақтылығы дәлелденді;

2. Навье–Стокс теңдеулер жүйесінің көмекші есебін сандық шешу үшін физикалық үдерістер бойынша бөлшектеу әдісі әзірленді, ол MAC-сұлбасында іске асырылған. Конвективті және диффузиялық мүшелерге екінші ретті дәлдікпен аппроксимация жасалды. Жылдамдық пен қысымды шекараларда беру үшін айырымдық қатынастар алынды;

3. Айнымалы және үзілісті коэффициенттері бар эллиптикалық есептерге С.Е. Романова мен Е.А. Волков әдістері сандық түрде жүзеге асырылды. Романованың біркелкі дәлдік әдісі Лаплас теңдеуі үшін Дирихле есебін шешуге қолданылып, классикалық тәсілдермен салыстырылды. Волков әдісімен бөлек тұрақты коэффициенттері бар эллиптикалық теңдеу шешіліп, оның тиімділігі көрсетілді. Жүргізілген есептеу эксперименттері дәлдікті сақтай отырып, есептеу шығындарының азаюын көрсетті;

4. Жалған облыстар әдісінің көмекші есебін сандық шешу мүмкіндіктерін көрсету үшін есептеу эксперименттері жүргізілді. Шекаралық аймақта біркелкі дәлдікті қамтамасыз ететін арнайы аппроксимациялар ұсынылды. Кавернадағы ағын есебі секілді мысалдарда жүргізілген эксперименттер әдістің дәлдігі мен орнықтылығын растады. Үйлестірілген тордағы есептеулермен салыстыру жүргізіліп, геометрия күрделенген жағдайда ұсынылған әдістің артықшылықтары көрсетілді. Тор параметрлерінің әртүрлі мәндерінде есептеу уақыты мен итерациялар саны бойынша сандық талдау жүргізілді;

5. Жалған облыстар әдісі үшін қосарланған оңтайландыру әдісі әзірленді. Нақты шешуден ауытқу градиентін есептеуге мүмкіндік беретін қосарланған теңдеу құрылды. Сандық тұрғыда орнықты градиенттік оңтайландыру әдісі іске асырылды. Шекаралық шарттарды келістірумен басқару есептерінде ұсынылған тәсілдің тиімділігі көрсетілді.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-

техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Елдің зияткерлік әлеуеті» атты ғылымды дамытудың басым бағытына және «Жаратылыстану ғылымдары» саласына сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранты аясында «Жас ғалым» бағдарламасы бойынша іске асырылатын АР22688601 «Орталардың шекараларында сызықты емес теңдеулерді бірқалыпты дәлдікпен шешудің итеративті әдістері» (2024–2026) ғылыми жобасы шеңберінде орындалған.

Зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасының негізгі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына да сәйкес келеді, соның ішінде: Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту туралы» қаулысы (2018 жылғы 15 ақпан, № 636); Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бекітілген қаулысы (2018 жылғы 31 қазан, № 604); Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бекітілген қаулысы (2018 жылғы 31 қазан, № 604); Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» (2018 жылғы 10 қаңтар); Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» (2021 жылғы 1 қыркүйек).

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Диссертациялық зерттеу нәтижелері айнымалы коэффициенттері бар Навье–Стокс теңдеулерінің шекаралық есептерінің теориясы мен сандық талдауында, сондай-ақ орта шекараларында туындайтын есептерді шешуде қолданылуы мүмкін. Дамытылған әдістер тұтас орта механикасы, гидродинамика және күрделі геометриялы аймақтардағы, соның ішінде қисық арналардағы ағындарды модельдеу есептерінде пайдаланылады. Алынған нәтижелерді келесі бағыттарда қолдануға болады: есептеу гидродинамикасының бағдарламалық кешендерін әзірлеу және жетілдіруде; қолданбалы математика және есептеу технологиялары кафедраларының ғылыми-зерттеу қызметінде; оқу процесінде «Сандық әдістер», «Есептеу гидродинамикасы», «Математикалық модельдеу» пәндерін оқыту.

5.3. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).

Рецензенттер ретінде математика ғылымының салаларына елеулі үлес қосқан ғалымдар тағайындалды. Рецензенттер докторлық диссертацияны біліктікпен талдады.

Жаксылыкова Жадра Рахметовнаның диссертациясы бойынша:

Рысбайұлы Болатбек – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Astana IT University (Астана қ., Қазақстан);

Бектемесов Мактағали Абдимажитович – физика-математика ғылымдарының докторы, ҚР ҰИА академигі, профессор, Ақпараттық және есептеу технологиялары институты (Алматы қ., Қазақстан).

4.4. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

Мақұлбай Әсел Бекзатқызының диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Аралас типтегі теңдеу үшін жинақталған шартты есептер».

Білім беру бағдарламасы: «8D05401-Математика»

Ғылыми кеңесшілері:

Бердышев Абдумаулен Сулейманович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ (Алматы қ., Қазақстан);

Зикиров Обиджан Салижанович – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, М. Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті (Ташкент қ., Өзбекстан).

Қорғау 2025 жылдың 10 қыркүйегінде өтті (сағ. 14:00).

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

1) Диссертациялық жұмыс Аралас типті эллиптикалық-гиперболалық теңдеулердің бір класы үшін сингуляр коэффициенттер жағдайында жеткіліксіз Трикоми шарты мен өзгешелену сызығының кесіндісінде берілген Франкль типіндегі шарттың аналогы қойылған шекаралық

есептің шешімінің бар және бірегей болу теоремалары тұжырымдалып, математикалық дәлелдер арқылы негізделді;

2) Жаңа құрамдас шекаралық есеп ұсынылды, онда теңдеудің сипаттамалық емес бөлігінде локалді шарттармен қатар, сипаттамалық шекараның басқа бөлігінде бөлшек ретті Риман–Лиувилль мағынасындағы локалді емес шарттар енгізілді. Мұндай есептер классикалық Трикоми немесе Франкль есептерінің жалпыламасы болып табылады;

3) Қойылған есептің шешімділігіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі ретінде Франкль типіндегі және локалді шарттардың түйіндесу нүктесіндегі коэффициенттердің өзара сәйкестігі анықталды. Бұл сәйкестік шекаралық шарттардың комбинациясы жағдайындағы шешімнің бар болу және жалғыздығының қажетті шарты ретінде қарастырылды;

4) Сипаттамалық емес бөлікте орналасқан бірінші ретті оқшауланған ерекшелігі бар фредгольмдық емес операторлармен сипатталатын стандартты емес сингуляр интегралдық теңдеулер жүйесіне келтірілетін есептерді шешудің құрылымдық алгоритмі ұсынылды;

5) Карлеман-Векуа регуляризациясы мен Винер-Хопф түрлендіруіне сүйене отырып, алынған сингуляр интегралдық теңдеулер Винер-Хопф типіндегі интегралдық теңдеуге келтірілді. Бұл теңдеулердің индексі нөлге тең екендігі дәлелденіп, шешімнің бірімәнділігі классикалық Фредгольм теориясы шеңберінде расталды;

6) А.В. Бицадзе ұсынған экстремум принципінің модификациясы негізінде қарастырылып отырған есептердің шешімінің жалғыздығы мен орнықтылығы дәлелденді. Бұл әдіс сингуляр коэффициентті аралас типті теңдеулер үшін тиімді қолданылатын құрал ретінде танылды.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасының негізгі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына да сәйкес келеді, соның ішінде: Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту туралы» қаулысы (2018 жылғы 15 ақпан, № 636); Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бекітілген қаулысы (2018 жылғы 31 қазан, № 604); Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бекітілген қаулысы (2018 жылғы 31 қазан, № 604); Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» (2018 жылғы 10 қаңтар); Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» (2021 жылғы 1 қыркүйек).

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Ұсынылған зерттеу нәтижелері сингуляр коэффициенттері бар аралас типті теңдеулер үшін құрамдас шекаралық есептерді талдау әдістерін дамытуға бағытталған кейінгі теориялық жұмыстардың негізі бола алады. Мұндай есептерді сингуляр интегралдық теңдеулерге келтіру және Карлеман-Векуа регуляризациясы мен Винер-Хопф түрлендіру әдістерін қолдану тәсілдері локалді және локалді емес шарттары бар жаңа эллиптикалық-гиперболалық теңдеулер кластарын зерттеуде пайдаланылуы мүмкін. Алынған нәтижелер қолданбалы математика кафедраларының ғылыми-зерттеу және оқу үдерісіне енгізіліп, «Дифференциалдық теңдеулер», «Математикалық физика теңдеулері» және «Функционалдық талдау» пәндерін оқыту барысында пайдалануға ұсынылады.

5.4. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).

Рецензенттер ретінде математика ғылымының салаларына елеулі үлес қосқан ғалымдар тағайындалды. Рецензенттер докторлық диссертацияны біліктікпен талдады.

Мақұлбай Әсел Бекзатқызының диссертациясы бойынша:

Рузиев Менглибай Холтожибаевич - физика-математика ғылымдарының докторы,, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының В.И. Романовский атындағы Математика институты (Ташкент қ, Өзбекстан);

Даулбаев Муратхан Кудайбергенович - физика-математика ғылымдарының докторы,, профессор, әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті (Алматы қ, Қазақстан).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар
- диссертацияларды қорғауға жіберетін ЖОО мен бітіртуші кафедралар зерттеу жұмысының сапасы мен қорғауға қажетті құжаттарға баса назар аударулары керек.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:

	«8D054 - Математика және статистика (6D060100 / 8D05401 - Математика)»
Қорғауға қабылданған диссертациялар	4
Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-
Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-
Рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-
Қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-

Диссертациялық кеңестің
төрағасы



Бердышев А.С.

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы



Байшемиров Ж.Д.

31.12. 2025 жыл